

БЕКІТЕМІН
«Құрылыс колледжі» КМҚК
директоры
К.К.Тастекеев
_____ 2022 ж.

2022 – 2023 оқу жылына «Техникалық және кәсіптік білім берудің
білім беру бағдарламаларын іске асыратын «Құрылыс колледжі» КМҚК
оқуға қабылдаудың үлгі ҚАҒИДАЛАРЫ»

1 - тарау. Жалпы ережелер

"Құрылыс колледжі" КМҚК 2022-2023 оқу жылына оқуға қабылдау ережелері:

1. Осы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) "білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 11) тармақшасына және 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі – Және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына (бұдан әрі – ТжКБ ұйымдары) оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.
2. ШҚО әкімдігі ББ "Құрылыс колледжі" КМҚК негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар қабылданады.
3. "Құрылыс колледжі" КМҚК оқуға түсу кезінде "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 8-тармағында көрсетілген тұлғаларды қабылдау квотасы қарастырылады.
4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін түсу емтихандарын тапсыру нысандарын колледж басшылары белгілейді.

2 - тарау. Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын "Құрылыс колледжі" КМҚК оқуға қабылдау тәртібі

5. "Құрылыс колледжі" КМҚК тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау, түсу емтихандарын өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау үшін колледж басшылары өз жұмысын 25 маусымнан кешіктірмей бастайтын қабылдау комиссиясын құрады.
Қабылдау комиссиясының құрамына төраға, жауапты хатшы, қабылдау комиссиясының мүшелері кіреді.
6. Колледждің қабылдау комиссиясының өңірлерге барып тұлғаларды оқуға қабылдау жұмысын ұйымдастыру мәселелері тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша шешіледі.
7. Қабылдау комиссиялары оқуға түсушілерді қабылдау нәтижелері туралы ақпаратты оқудың күндізгі нысанына 1 қыркүйекке дейін, оқудың кешкі және сырттай нысанына 30 қыркүйекке дейін ақпараттық стенділерде және ақпараттық жүйенің интернет ресурстарында орналастыру арқылы жеткізеді vko-abiturient.kz
8. "Құрылыс колледжі" КМҚК-на оқуға тұлғалардың өтініштерін қабылдау жүзеге асырылады:

1) орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына 25 маусым мен 31 тамыз аралығында, оқудың сырттай нысанына 25 маусым мен 30 қыркүйек аралығында жүзеге асырылады.

9. "Құрылыс колледжі" КМҚК оқуға қабылдау құжаттардың тізбесі:

- 1) құжаттарды қабылдау туралы өтініш;
- 2) білімі туралы құжаттың түпнұсқасы;
- 3) 3x4 см көлеміндегі 4 дана фотосурет;
- 4) № 075-У нысаны бойынша медициналық анықтама;
- 5) жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны салыстыру үшін). Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттарды жеке өзі немесе заңды өкілдері ұсынады.

10. Көрсетілетін қызметті алушылар – шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар олардың мәртебесін айқындайтын, тұрғылықты жері бойынша тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты ұсынады:

- 1) шетелдік – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты;
- 2) азаматтығы жоқ тұлға – азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;
- 3) босқын – босқын куәлігі;
- 4) пана іздеуші тұлға – пана іздеуші тұлғаның куәлігі;
- 5) қандас – қандас куәлігі.

Оқуға түсушінің жеке басын куәландыратын құжаттарды жеке өзі, ата-аналары немесе заңды өкілдері ұсынады.

3 - тарау . Білім алушыларды қабылдау ережелері

11. 2021 жылдан бастап колледждерге түсу кезінде бір қатар жаңашылдықтар енгізілді:

Біріншіден: егер бұрындары колледждер бойынша мемлекеттік тапсырыс орындары комиссия арқылы бөлінген болса, қазіргі кезде «Студенттен ақша» жобасы жүзеге асырылуда, яғни талапкер қандай колледжге барып оқуға болатынын өзі таңдайды, сәйкесінше бюджет сонда жіберіледі.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына тұлғалардан өтініш қабылдау **25 маусымнан** басталады.

Екіншіден: *түсу емтихандары болмайды*, тек кейбір мамандықтарда ғана. Медициналық және шығармашылық мамандықтар бойынша.

Үшіншіден: талапкер бұрындары конкурсқа қатысуға өтініш беру кезінде тек бір колледжді және бір мамандықты ғана таңдаған, ал енді *төрт колледж және төрт мамандық*, біліктілік (қажет болған жағдайда), оқу тілін (қазақша, орысша), білім деңгейін таңдау мүмкіндігі бар.

Колледжді немесе мамандықты таңдауды кем дегенге 2 рет ауыстыруға болады.

Төртіншіден: Конкурс аттестатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндер бағасының орта конкурстық балы бойынша талапкерлерді автоматты бөлу жолы арқылы Білім басқармасының ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі.

Бағаның орта балы қалыптасады:

негізгі орта білімі бар түсушілерге (9 сынып) –үш пәннің бағалары бойынша: міндетті пәнге (қазақ тілі немесе орыс тілі), қалған екі пәнге мамандықтың бейіні бойынша.

жалпы орта білімі бар түсушілерге (11 сынып) – Техникалық және кәсіптік білім беру - төрт пәннің бағалары бойынша: міндетті пәндерге (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы), қалған екі пәнге мамандықтың бейіні бойынша.

Оқушылар құрамына қабылдау:

- 1) күндізгі оқу нысанына - күнтізбелік жылдың 30 тамызына;
- 2) сырттай оқу бөліміне - күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін жүргізіледі.

Сонымен, талапкер колледжге түсуге шешім қабылдаса:

- 1) www.egov.kz сайтының «Білім беру» бөліміне кіріп, колледжге оқуға түсуге өтініш беруге болады немесе vko-abiturient.kz белгіленетін ақпараттық жүйенің сілтемесі бойынша өтіп өтініш беруге болады.

Платформада жұмыс істеу туралы видео және оларға сілтеме білім басқармасының «Техникалық және кәсіптік білім беру» бөлімінде, сондай-ақ колледждердің сайтында ораналасқан.

Сондай-ақ, кез келген жақын арадағы колледжге баруға болады және өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышына барып аталған порталға өтініш беруге болады.

Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы



Н.С.Оқасов